




<https://ru.wikipedia.org/wiki>



<https://uk.wikipedia.org/wiki>



<https://ru.m.wikipedia.org/wiki>



https://www.google.kz/search?rlz=1C1NDCM_ruKZ769KZ769&biw

1. Бұл суреттер топтамасы қандай ойды білдіреді?
2. Олардың бір-бірімен қандай байланысы бар?

Сабақтың тақырыбы:

Неліктен I Карл мен II Осман шексіз билеуші монарх бола алмады?

Оқу мақсаттары:

6.3.1.2 - Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажырату

6.3.1.5 - саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әртүрлі ел билеушілерінің қызметін салыстыру

Бағалау критерийлері:

- I Карл өзін шексіз монарх ретінде көрсете алмау себебін анықтайды;
- Оқушылар I Карлдің билігімен II Осман империясындағы монархиялық жүйенің ұқсастығы мен айырмашылығын анықтап, салыстырады;
- Оқушылар II Османның монархиялық билігі төңірегінде ой-талқы жасайды.

ОСМАНСКАЯ ИМПЕРИЯ в XVI - XVII вв.



В. Николаев, www.ostu.ru

Англия королі І Карлдың билігі
(1625-1649 жж.)

шексіз билікті орнатуға ұмтылысымен және парламентке қарсы күресімен сипатталады.

- **І Карл** 1600 жылы король І Яков Стюарт пен Анна Даттықтың отбасында дүниеге келді.
- Ол корольдік отбасындағы үшінші бала болғандықтан, таққа таласқан жоқ.
- Алайда, 1612 жылы аяқ астынан жағдай күрт өзгерді: ағасы Генри қайтыс болды да, **Карл ағылшын тағының мұрагері болды.**



Англия королі І Карлдың билігі (1625-1649 жж.)

шексіз билікті орнатуға ұмтылысымен және парламентке қарсы күресімен сипатталады.

- **І Карл** 1600 жылы король І Яков Стюарт пен Анна Даттықтың отбасында дүниеге келді.
- Ол корольдік отбасындағы үшінші бала болғандықтан, таққа таласқан жоқ.
- Алайда, 1612 жылы аяқ астынан жағдай күрт өзгерді: ағасы Генри қайтыс болды да, **Карл ағылшын тағының мұрагері болды.**



- I Карл уәделерін орындамады. Ол парламентті таратып, оның кейбір мүшелерін түрмеге қамады.
- Король мемлекетті жалғыз өзі басқара бастады. I Карлдың парламентсіз болған билігі 1629-1640 жж. 11 жылға созылды.
- Король барлық үкіметтік шешімді кеңесшісі Томас Уэнтвортпен және архиепископ Уильям Лодпен бірге қабылдады.

- I Карл монархтың билігі оған Құдайдың атынан берілген деп санады.
- Ол мемлекетте бірыңғай ағылшын шіркеуін құруға тырысты, сол себепті **пуритандар** қудаланды.



- Шотландияға қатысты діни және салық саясаты **шотландиялықтардың көтерілісіне** әкелді.
- Сол уақытта **Ирландияда көтеріліс** басталды. Ирланд католиктерінен салық жинап, I Карл оларға жеңілдіктер беруге уәде берді, бірақ уәдесін орындамады.
- Көтерілісшілерге қарсы соғыс жүргізуге қаржылық мүмкіндігі болмағандықтан, I Карл парламентті шақыруға мәжбүр болды.
- Парламент 1640-1653 жж. (13 жыл) міндетін атқарды және «**Ұзақ парламент**» деп аталды.
- Осы кезеңде корольдің барлық заңсыз жарлықтарының күші жойылып, король үш жыл сайын парламент шақырып отыратын заң қабылдады. Парламент корольдің іс-әрекетін бақылауға, министрлерді тағайындауға және орнынан алуға мүмкіндік алуды талап етті.

- Патша мен парламент арасындағы келіспеушіліктер 1642-1648 жж. роялистер (корольдің жақтаушылары) мен парламент жақтаушылары (дөңгелек бастар) арасында азаматтық соғысты туғызды.
- Бірнеше жылдық шайқастан кейін парламент жеңіске жетіп, король тұтқынға алынды.
- **1649 жылы 30 қаңтарда I Карл көпшілік алдында өлім жазасына кесілді.**



Осман империясы

- 1299 жылы әскер басшысы **Осман** (1258-1326 жж.) осман түріктердің мемлекетін құрды. Кейінірек сол мемлекеттің негізінде **Осман империясы** құрылды.
- Осман империясының билеушілері **сұлтандар** деп аталды.
- Мемлекетті басқаруда сұлтан **уәзірге** – бас кеңесшіге және **диуанға** – атқарушы биліктің жоғарғы кеңесіне сүйенді.
- Осман империясының тарихы **1922 жылға дейін** созылды.





Осман империясы
 әскерлерінің негізін сұлтанға
 адал болған **янычарлар**
 құрады

Олар 8-16 жасында түріктерге
 тұтқынға түсіп, қатаң ислам
 дәстүрлерінде тәрбиеленген
 христиандар, этникалық
 армяндар, босниялықтар,
 болгарлар, гректер, грузиндер,
 сербтер.



II Осман



- 1618 жылы I Мұстафаның (1617-1618 жж.) құлатылуының нәтижесінде сұлтан Ахмедтің 14 жасар ұлы **II Осман** (1604-1622 жж.) Осман империясының тағына отырады.
- **II Осман** жігерлі және білімді еді.
- Түрік феодалдық ақсүйектердің ықпалынан тәуелсіз басқаруға ұмтылған **II Осман** маңызды шешімдерді тез қабылдау қабілетіне ие болды.

- **1620 жылы** II Осман империяның вассалы, Трансильвания князі Габор Бетленнің шақыруымен Польшаға қарсы әскери жорықты басқарды. Алайда II Османның үлкен әскері **Хотин шайқасында** жеңіліске ұшырады.
- **1621 жылы** 8 қазанда сұлтан II Осман Польшамен Хотин бейбітшілік келісіміне қол қойды. Бұл келісімге сәйкес, Осман империясы Польша аумағын жаулап алу мақсатынан бас тартуға мәжбүр болды.



- II Осман мемлекеттің астанасына – Стамбұлға оралып Хотин шайқасындағы жеңілісін янычарлардан көріп, әскерді реформалау туралы шешім қабылдады. Әскери реформа нәтижесінде янычарлар әскері Анадолы мен Сирияның түркі халықтарының өкілдерінен құралған әскермен алмастырылды.
- Сонымен қатар II Осман империя астанасын Стамбұлдан Бурсаға, Анатолияға көшіруді жоспарлады.
- II Осман үкіметте зор ықпал ететін үлемдерден – ислам дінінің мамандарынан аулақ кеткісі келді.
- II Осман сұлтандардың үлемдермен келісімі бойынша үйлену дәстүрін бұзып, бос түрік әйелдерін әйелдікке алды. Сол себептен үлемдер сұлтанға наразылық білдірді.

II Османның Польшадағы жеңілісі, әскери реформалары және дәстүрді елемейтін түрік ақсүйектердің арасында оның саясатына наразылықтың өсуіне себеп болды.

- **1622 жылдың** мамырында II Осман Меккеге қажылық етуді сылтаулатып, мемлекеттік қазынаны өзімен бірге Анатолияға алып кетуді жоспарлады.
- Сұлтанның кеткені жайлы қауесеттер **янычарлар көтерілісіне** себеп болды.
- Олар дереу Топкапы сарайының ауласына баса-көктеп кіріп, сұлтанды ұстап алды. Сөйтіп оны жыртық киімге орап, қала көшелерімен жүргізді.
- Келесі күні, 1622 жылдың 20 мамырында Едікүле қамалына тұтқынданған жас сұлтан II Осман садақтың жебесімен буындырып өлтірілді.
- Янычарлар II Османның билігі қарсаңында биліктен айырылған I Мұстафаны (1622-1623жж.) қайтадан таққа отырғызды.

Мәтінмен жұмыс

№1 тапсырма: I Карл өзін шексіз монарх ретінде көрсете алмау себебі неде?

Мәтінмен жұмыс

№2 тапсырма. I Карл мен II Осман империясындағы монархиялық жүйенің ұқсастығы мен айырмашылығын кестеде берілген сұрақтар төңірегінде анықтап, салыстыр.

Дескрипторлар:

- Оқушылар Карл Стюарттың монарх ретінде өзін көрсете алмау себебін анықтайды;
- Оқушылар жұппен I Карлдің билігімен II Осман империясындағы монархиялық жүйенің ұқсастығын анықтап, салыстырады;
- I Карлдің билігімен II Осман империясындағы монархиялық жүйенің айырмашылығын анықтап, салыстырады;

№3 тапсырма. Төменде берілген ақпаратқа сүйеніп, сұрақтарға жауап жаз.

- II Осман билігінің ерекшелігі неде?
- Неліктен Осман II-ге (реформатор ретінде) қауіп төнді?
- Османды кім өлтіруі мүмкін? Оны өлтіруге қандай жағдайлар итермелеуі мүмкін?

Дескрипторлар:

- Османды кім өлтіруі мүмкін және оны өлтіруге қандай жағдайлар итермелеуі мүмкін? деген сұрақ төңірегінде ой-талқы жасайды.
- II Осман билігінің ерекшелігі неде?,- деген сұрақтар төңірегінде оқушылар ой-талқы жасайды.

Қорытынды:

Менің ойымша, Осман империясының монархы.....абсолютті монарх болды (болмады), өйткені.....

Менің ойымша, I Карл нағыз абсолютті монарх.....болды (болмады), себебі..... деген сөз тіркестерін қолданып, оқушылар өз ойларын қорытындылайды.

Рефлексия: (аяқталмаған сөйлемдер)

Мен білдім ...

Мен үйрендім ...

Маған ұнағаны ...

Маған қиындық туғызды ...

Менің көңіл-күйім ...